



ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады

● Жұма, 10 сәуір, 2026 жыл №14 (686)

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады



Президентке агенттік қызметінің негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде баяндалды.

Жанат Элимановтың айтуынша, бюджет шығыстарына жүргізілген мониторинг кезінде мал шаруашылығы саласына бөлінген 30 миллиард теңге субсидияны тиімсіз пайдалану тәуекелдері анықталған. Сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерциализацияға бағытталған 10 миллиардтан аса теңгені мақсатсыз жұмсау белгілері айқындалды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатын жымқыру фактілері бойынша 14 сотқа дейінгі тергеу басталған, ал құрылыс саласында 5,3 миллиард теңгені заңсыз иемденбек болған жандарға қатысты 21 қылмыстық іс қозғалды.

Мемлекет басшысына алаяқтық әрекеттердің алдын алу бойынша 17 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылғаны және банктер мен байланыс операторларының атын жамылғып, арнайы құрылғылар арқылы жаппай фишингтік SMS-хабарламалар таратқан топ әшкереленгені жөнінде есеп берілді. Жалпы аудиториясы 25 мыңнан асатын 3,7 мың алаяқтық сайт және 22 топтық чат жабылған. 400-ден астам жалған құрылыс компаниясының заңсыз түрде бірінші санаттағы лицензия алуына жол берілген жоқ.

Бұдан бөлек, қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы күрес саласында атқарылған жұмыстар таныстырылды. Атап айтқанда, заңсыз схемаларда қолданылған дроп-карталарға қатысты 14 сотқа дейінгі тергеу басталды, олардың есепшотындағы қаржының жалпы айналымы 13 миллиард теңгеден асқан. «Көлеңкедегі» тұлғаларға рәсімделген 68 мыңнан астам карта бұғатталған. Жалған компаниялар мен құжаттарды пайдалану фактілері бойынша 23 іс тіркелген, келтірілген залал – шамамен 13 миллиард теңге. Қаржылық пирамидалар, онлайн-казино және алаяқтықтан түскен табысты жылыстатумен айналысқан 3 жасырын криптоайырбастау қызметінің жолы кесілді. Криптовалюта айырбастауға қатысты заңсыз онлайн сервистерге кіруге арналған 483 сілтеме жойылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы агенттіктің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ortcom.kz

ҮКІМЕТ

Қазақстан көмір қоры бойынша әлемдегі жетекші 10 елдің қатарына кіреді



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көмір энергетикасын дамыту және көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жобаны жүзеге асыру мәселелері қаралды. Онда энергетика министрі Ерлан Ақкенов, «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов, Қарағанды және Павлодар, Абай облыстарының басшылары, сондай-ақ «Богатыр Көмір» және «Qazmet» көмір өндіру кәсіпорындарының өкілдері баяндама жасады, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Көмір әлем елдерінде, соның ішінде ең көп энергия пайдаланатын өндірістермен қатар, цифрлық платформалар үшін де маңызды қуат көздерінің бірі болып қала беретіні, сонымен қатар кейінгі уақытта қоршаған ортаға әсері барынша аз «Таза көмір» технологиялары белсенді дамып келе жатқаны атап өтілді.

Бұл бағытта Қытай, АҚШ, Үндістан, Оңтүстік Корея және басқа елдердің қалыптасқан тәжірибелері бар. Кейінгі жылдары көмірқышқыл газы мен қоспаларды 90%-ға дейін ұстап қалып, зиянды қалдықтарды қауіпсіз сақтауға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар қарқынды дамып келе жатқаны атап өтілді. Премьер-министр қолданыстағы көмір стансаларын жаңғырту, ауаға тарайтын зиянды қалдықтар көлемін азайтып, тиімділігін арттыру үшін белсенді қолдану қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ Қазақстанда тұтыну көлемінің өсуі мен цифрлық активтердің қарқынды дамуын ескере отырып, энергия нысандарын жоспарлы және уақтылы іске қосу керек.

Осыған байланысты Энергетика министрлігі «Самұрық-Энерго» компаниясымен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, Ұлттық жобаның орындалуын ерекше бақылауға алуды тапсырды. Көмір әлем елдерінде, соның ішінде ең көп энергия пайдаланатын өндірістермен қатар, цифрлық платформалар үшін де маңызды қуат көздерінің бірі болып қала беретіні, сонымен қатар кейінгі уақытта қоршаған ортаға әсері барынша аз «Таза көмір» технологиялары белсенді дамып келе жатқаны атап өтілді.

Бұл бағытта Қытай, АҚШ, Үндістан, Оңтүстік Корея және басқа елдердің қалыптасқан тәжірибелері бар. Кейінгі жылдары көмірқышқыл газы мен қоспаларды 90%-ға дейін ұстап қалып, зиянды қалдықтарды қауіпсіз сақтауға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар қарқынды дамып келе жатқаны атап өтілді. Премьер-министр қолданыстағы көмір стансаларын жаңғырту, ауаға тарайтын зиянды қалдықтар көлемін азайтып, тиімділігін арттыру үшін белсенді қолдану қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ Қазақстанда тұтыну көлемінің өсуі мен цифрлық активтердің қарқынды дамуын ескере отырып, энергия нысандарын жоспарлы және уақтылы іске қосу керек.

Осыған байланысты Энергетика министрлігі «Самұрық-Энерго» компаниясымен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, Ұлттық жобаның орындалуын ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Облыс әкімі

Зерендіде сүт өнімдері молшылығына басымдық берілуде

Ақмола облысының әкімі **Марат Ахметжанов** кезекті жұмыс сапарымен Зеренді ауданында болып, өңірдің өңдеу өнеркәсібі мен мал шаруашылығындағы жағдаймен танысты және осы салаларда алдағы міндеттерді пысықтап, белгіледі.

Жұмыс сапары кезінде аудандағы ірі өндіріс орындары мен инвестициялық жобалар пысықталды. Қарағай станциясында орналасқан «Қарағай» ХПП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрама жем зауыты өңірдегі маңызды нысандардың бірі. Кәсіпорын тәулігіне 600 тонна өнім шығаруға қауқарлы және өз өнімдерін Қытай Халық Республикасына экспорттайды.

2024-2025 жылдары өндірілген жалпы өнім көлемі 3 миллион тоннаға дейін жетті. Қазіргі сәтте барлық жабдық келді және біз толық жобалық қуаттылыққа шықтық. Қазіргі таңда бізде 12 адам жұмыс істейді, ал толық жасақталған кезде 18 адамға арналған жұмыс орны болады. Кәсіпорындар одан әрі дамыту бойынша ауқымды жоспарларымыз бар. Біз осы жерде шағын индустриалық аймақ құруды көздеп отырмыз. Атап айтқанда, майлы дақылдарды қайта өңдейтін зауыт салу жоспарда бар. Сонымен қатар, контейнерлік алаң салу туралы да ой бар, өйткені, негізгі көлік түрі контейнерлік пойыздар болмақ. Осы мақсатта бізге тиісті жабдықтар да қажет. Бұл біздің алдағы негізгі бағыттарымыздың бірі, – деп атап өтті кәсіпорын жетекшісі Ни-



нысан КЕГОК акционерлік қоғамының қуатты магистральдық электр желілеріне 3,9 шақырым жақын орналасуы арқылы энергия тапшылығы мәселесін толық шешеді. Сумен қамтамасыз ету мәселесі де екі жақты қарастырылған. Сергеев су қоймасынан келетін Нұра топтық су құбырына қосылу мүмкіндігімен қатар, кәсіпорындар үшін жеке ұңғымаларды бұрғылауға да рұқсат бар.

Аймақ басшысы жұмыс сапарымен барған Зеренді ауданындағы екінші нысан – «Agro Milk Project» серіктестігі жүзеге асырылған инвестициялық жоба да атап өтерліктей. Өңірде 400 бас ірі қара малға арналған заманауи тауарлы-сүт фермасы пайдалануға берілді. Шаруашылық жүзеге асырған бұл жоба бүгінде

Юрий Швец. Мамандардың болжамынша, өнімнің майлығы 4 пайыз төңірегінде болады. Бұл – жоғары сапалы сүт өнімдерін дайындауға қажетті таптырмас шикізат. Өндірілген сүт тікелей жергілікті «Agro Milk Project» зауытына жөнелтіледі. Айта кетейік, бұл жоба өңірдегі сүт кластерін дамытудың алғашқы сатысы ғана. Алдағы уақытта шаруашылықты кеңейтіп, қосымша қоралар салу жоспарлануда. Бұл қадам облыс нарығын отандық өніммен қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығының өлеуетін арттыра түспек.

Біз екі жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімін шығаруды екі есеге арттырдық. Алдымызда өндірісті екі есе ұлғайту бойынша үлкен міндеттер тұр. Біріншіден, жаңа шаруашылықтарды ұйымдастыру есебінен, ал, екіншіден, өнімнің өзіндік құнын төмендету мақсатында ең заманауи технологияларды қолданатын боламыз. Яғни, нарығымыз сүт, ет өнімдерімен және құс шаруашылығымен көбірек толығын болады. Жұмыртқа өндірісін 1 миллиард данаға дейін жеткізу туралы үлкен жоспар бар. Міне, сонда ғана біз Қазақстанның агро-өнеркәсіптік кешенінің жүрегіміз деп сеніммен айта аламыз. Бүгінгі таңда біз онсыз да көшбасшымыз, бірақ, әлі де үлкен өлеуетіміз бар екенін сеземіз. Осы дүйсенбі күні Ерейментау ауданында болдық. Онда мал шаруашылығы өте жақсы дамып келеді, қазір бірнеше жобаны одан әрі дамытатын боламыз. Сондықтан, сіздерге мың да бір рахмет, – деген облыс әкімі Марат Ахметжанов өз өңіріміздегі шаруашылықтарды дамытсақ қана жастарымыз елде қалатынын, шетке ұзап, басқа жұмыс іздеп, әуре болмайтындығын жеткізді.

Қорыта айтқанда, Зеренді ауданы бүгінде тек туризм орталығы ғана емес, сонымен қатар, заманауи өндіріс пен инновациялық технологиялар тоғысқан тиімді инвестициялық өңірге айналуда. Мұндағы әрбір жоба жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға және ауданның әлеуметтік-экономикалық келбетін жақсартуға бағытталған десек, артық емес.

Бейбарыс ШАЛАБАЕВ,
«Арқа ажарының» өз тілшісі.

Сурет: Ақмола облысы әкімдігінің баспасөз қызметінен.



колай Казак. Қарағай индустриалық аймағы – бизнестің жаңа мүмкіндіктері алаңы. Зеренді ауданының өкімдігі Қарағай станциясында индустриалық аймақ құрудың бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын толықтай бекітті. Бұл бастама ірі және шағын бизнес үшін дайын алаң қағидатымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Аймақтың негізгі артықшылықтары оның логистикалық және ресурстық өлеуетінде жатыр. Жалпы аумағы 96 гектарды құрайтын бұл аймақ Көкшетау қаласынан небары 35 шақырым жерде орналасқан. Өндіріс ошақтары үшін ең басты фактор – көлік қатынасы. Теміржол желісіне дейінгі қашықтық 500 метрді ғана құраса, республикалық маңызы бар асфальт жолдарға дейінгі қашықтық 5 шақырым. Сонымен қатар,

толық қуатында жұмыс істеуге дайын. Былтыр пайдалануға берілген нысанда сауын жабдықтарын орнату және ретке келтіру жұмыстары толық аяқталды. Қазіргі таңда фермадағы мал басы толығымен жасақталып, төлдерімен қосқанда 440-қа жуық ірі қара бағылуда.

Голштин-фриз тұқымды ірі қара малдың жалпы саны биылғы төлді қоса есептегенде шамамен 440 басқа жетті. Қазіргі уақытта тәулігіне 4 тонна сүт өндіріледі, жаз мезгіліне қарай бұл көрсеткішті 6–6,5 тоннаға дейін, ал келесі жылы 8 тоннаға дейін арттыру жоспарланып отыр. Алдағы уақытта ферма дамуының екінші кезеңі қарастырылған, онда қосымша сиыр қорасы мен екі бұзау қорасын салу арқылы өндірістік қуатты кеңейту көзделген, – деді серіктестік директоры